

Конкурстық негізде орналастырылатын Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының лауазымдар тізбесін және Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарына қызметке орналасу кезінде конкурс және тағылымдама өткізу қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2013 жылғы 27 тамыздағы № 522 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 04 қазанда № 8778 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 31 тамыздағы № 870 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 31.08.2016 № 870 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

«Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы Заңының 7-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Конкурстық негізде орналастырылатын Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының лауазымдар тізбесі;
- 2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарына қызметке орналасу кезінде конкурс және тағылымдама өткізу қағидасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі комитеттерінің төрағалары, департаменттерінің, дербес басқармаларының және бөліністерінің бастықтары, Алматы, Астана қалаларының, облыстардың және көліктегі ішкі істер департаменттерінің, қылмыстық-атқару жүйесі департаменттерінің және оқу орындарының бастықтары үміткерлерді ішкі істер органдарына қызметке қабылдау кезінде осы бұйрықты қатаң басшылыққа алсын.

3. Кадр жұмысы департаменті осы бұйрықтың заңнамада белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары полиция генерал-майоры М.Ғ. Демеуовке, Ішкі істер министрлігінің Кадр жұмысы департаментіне (А.Ү. Әбдіғалиев) жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

М и н и с т р

полиция генерал-лейтенанты

Қ. Қасымов

« К Е Л І С І Л Д І »
Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері
агенттігінің төрағасы
----- Ә. Байменов

2013 жылғы 02 қыркүйек

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2013 жылғы 27 тамыз
№ 522 бұйрығына
1-қосымша

Конкурстық негізде тағайындалатын Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының лауазымдар тізбесі

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі орталық аппаратының және бөліністерінің лауазымдары

Ішкі істер министрлігі орталық аппаратының экстремизмге қарсы күрес, жоғары технологиялар саласындағы қылмыстарды ашу бөліністерінің аға жедел уәкілі, криминалист, инженер;
Шабуылшы, жару технигі, мерген, сапер, нұсқаушы, инспектор, маман;
Қатардағы және кіші басшы құрамның лауазымдары.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің облыстық (республикалық маңызы бар қалалардың, елорданың, көліктегі) аумақтық органдарының лауазымдары

Экстремизмге қарсы күрес, жоғары технологиялар саласындағы қылмыстарды ашу бөліністерінің аға жедел уәкілі, криминалист, инженер;
Жедел уәкіл, тергеуші, анықтаушы, криминалист, инженер, инспектор, инженер, нұсқаушы, маман;
Шабуылшы, жару технигі, мерген, сапер;
Қатардағы және кіші басшы құрамның лауазымдары.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қалалық, аудандық (қалалардағы аудандардың) аумақтық органдарының лауазымдары

Аға: жедел уәкіл, тергеуші, анықтаушы, криминалист, инженер, инспектор, нұсқаушы, учаскелік полиция инспекторы, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторы, маман;

Жедел уәкіл, тергеуші, анықтаушы, криминалист, инженер, инспектор, нұсқаушы, дәрігер, маман;

Учаскелік полиция инспекторы, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторы, учаскелік полиция инспекторының көмекшісі;

Сотталғандарға арналған аурухананың бастығы – дәрігер;

Сотталғандарға арналған аурухана бастығының орынбасары – дәрігер;

Жасақ, учаске, медицина бөлімінің бастығы – дәрігер;

Мекеме бастығының кезекші көмекшісінің орынбасары;

Медицина бөлімшесінің бастығы, медициналық кабинет бастығы – дәрігер;

Ф е л ь д ш е р ;

Қатардағы және кіші басшы құрамның лауазымдары.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі оқу орындарының лауазымдары

Оқу орталығы бастығының көмекшісі;

Оқу орталығының оқытушысы;

М а м а н ;

Үрмелі аспаптар оркестрінің жетекшісі;

Р о т а , взвод командирі;

Рота командирінің орынбасары;

Қарауыл, клуб, тир, кабинет бастығы;

Қатардағы және кіші басшы құрамның лауазымдары.

Ескертпе: ішкі істер органдары өзіндік қауіпсіздік, «Р» және жетінші бөліністерінің бос лауазымдарына орналасуға конкурс өткізілмейді.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

І ш к і і с т е р

м и н и с т р і н і ң

2 0 1 3 ж ы л ғ ы 2 7

т а м ы з д а ғ ы

№ 5 2 2 б ұ й р ы ғ ы н а

2-қосымша

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарына қызметке орналасу кезінде конкурс және тағылымдама өткізу қағидасы

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарына қызметке орналасу кезінде конкурс өткізу және тағылымдамадан өту қағидасы (бұдан әрі – Қағида) «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және ішкі істер органдарына қызметке орналасу кезінде конкурс өткізудің тәртібін және шарттарын, сондай-ақ ішкі істер органдарына қызметке орналасу кезінде үміткерлер үшін тағылымдама ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

2. Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарына қызметке орналасу жоғарыда аталған Заңның 7-бабының 3 және 4-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, конкурстық негізде жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарына қызметке орналасу кезінде конкурс өткізу

3. Конкурсты тиісті лауазымдарға тағайындау құқығына ие басшысы бар ішкі істер органы жариялайды. Аумақтық ішкі істер органдары есірткі бизнесіне қарсы күрес бөліністерінің бос лауазымдарына орналасуға конкурсты ішкі істер департаменттері жариялайды және өткізеді.

4. Ішкі істер органдарына қызметке орналасқан кезде конкурсқа (бұдан әрі - Конкурс) Заңда белгіленген талаптарға сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтары қатысуға құқылы.

5. Конкурс туралы хабарландырулар жарияланғаннан кейін ішкі істер органының кадр қызметіне қажетті құжаттарын осы қағидалармен белгіленген мерзімде тапсырған азамат конкурсқа қатысушы болып табылады.

6. Конкурс бірқатар дәйекті кезеңдерді қамтиды:

1) конкурс өткізетіні туралы хабарландыру жариялау;

2) конкурстық комиссия құру;

3) азаматтардан құжаттар қабылдау және олардың лауазымдарға белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін алдын ала қарау;

4) үміткерлерді медициналық және психофизиологиялық куәландырудан, оның ішінде полиграфологиялық зерттеуден өткізу;

5) заңнаманы білуге үміткерлерді тестілеу;

6) үміткерлердің дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтер тапсыруы ;

7) конкурс өткізуші комиссияның үміткерлермен әңгімелесуі.

7. Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (конкурс өтетін жерге келу және қайту, тұрғын үй-жайды жалдау, тұру) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

8. Ішкі істер органы қайта ұйымдастырылған немесе таратылған, сондай-ақ

конкурс жарияланған лауазым қысқартылған жағдайларда жарияланған конкурс, оны өткізудің кез-келген кезеңінде бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жариялай отырып, тоқтатылуға жатады.

3. Конкурс өткізу туралы хабарландыруды жариялау

9. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі – ПМ) орталық аппаратының ведомстволары мен бөліністерінде конкурс өткізу кезінде Қазақстан Республикасының барлық аумағына таралатын мерзімді баспа басылымдарында хабарландыру жарияланады. Аумақтық бөліністерде, ведомствоға бағынышты ұйымдарда және білім беру ұйымдарында конкурс өткізу туралы хабарландыру тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында таралатын мерзімді басылымдарда жарияланады, сондай-ақ ішкі істер органының ресми Интернет-ресурстарында орналастырылады.

10. Бос лауазымға орналасуға конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланғаннан кейін азаматтарды (қызметкерлерді) жарияланған лауазымдарға тағайындауға (ауыстыруға) конкурстық рәсімдер аяқталғанға дейін жол берілмейді.

11. Конкурс өткізу туралы хабарландыруда мынадай мәліметтер болуы тиіс:

- 1) ішкі істер органы, оның орналасқан жерін, пошталық және электрондық мекенжайын, кадр қызметінің телефондары мен факс нөмірлерін көрсете отырып атауы;
- 2) негізгі функционалдық міндеттерді көрсете отырып, бос лауазымдар атауы;
- 3) Ішкі істер министрі белгілеген біліктілік талаптарына сәйкес конкурс қатысушысына қойылатын негізгі талаптар;
- 4) құжаттарды қабылдау мерзімі және орны.

Хабарландыру Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін қосымша ақпараттар қамтуы мүмкін.

4. Конкурстық комиссия құру

12. Конкурстық комиссия конкурс қатысушылары тапсырған құжаттарды, олардың дене шынықтыру даярлығы бойынша тапсырған сынақ нәтижелерін, тестілеу нәтижелерін қарайтын алқалы орган болып табылады, қатысушылармен әңгімелесу өткізеді және құқық қорғау органындағы бос лауазымдарға орналасуға үміткерлер іріктеуді жүзеге асырады.

13. Конкурс жариялаған ішкі істер органы бос лауазымға орналасуға үміткерлерді іріктеуді жүзеге асыруға уәкілетті конкурстық комиссия құрады.

14. Конкурстық комиссия конкурс жариялаған ішкі істер органы басшысының бұйрығымен құрылады.

15. Конкурстық комиссия төрағадан, хатшыдан (кадр қызметінің өкілі) және бестен кем емес мүшеден тұрады. Конкурстық комиссия хатшысы оның жұмысын ұйымдастырушылықпен қамтамасыз етуді жүзеге асырады және дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.

Конкурстық комиссияның төрағасы болып ішкі істер органы басшысының кадр қызметіне жетекшілік ететін орынбасары тағайындалады.

Конкурстық комиссия құрамына кадр және заң қызметтері, өзіндік қауіпсіздік бөліністерінің басшылары және бос лауазымдары бар конкурс өтетін ішкі істер органы құрылымдық бөліністерінің, сонымен қатар оның аумақтық органдарының басшылары енгізіледі.

5. Азаматтардан құжаттар қабылдау және олардың лауазымдарға біліктілік талаптарына сәйкестігін алдын ала қарау

16. Құжаттарды қабылдау конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланғаннан сәттен бастап 15 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

17. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар конкурс өткізетін тиісті ішкі істер органының кадр қызметіне мынадай құжаттар:

- 1) осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті;
 - 2) осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сауалнаманы;
 - 3) осы Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кадр есебі бойынша толтырылған жеке іс парағын (нақты тұрғылықты жерінің мекенжайларын және телефондарын, оның ішінде байланыс телефондарын көрсете отырып);
 - 4) осы Қағидаға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жақын туысқандарын, оның ішінде бұрынғы жұбайларын көрсете отырып, өз қолымен жазылған және басылған түрде толық толтырылған өмірбаян;
 - 5) нотариалды куәландырылған білімі туралы құжаттардың көшірмелерін;
 - 6) нотариалды куәландырылған еңбек кітапшасының көшірмесін (болған жағдайда);
 - 7) нотариалды куәландырылған әскери билеттің немесе шақыру учаскесіне тіркелгені туралы куәлігінің көшірмесін (қолда бар болса);
 - 8) үміткер соңғы жұмыс (оқу) орнынан немесе әскери қызметін өтеген әскери бөлімнен мінездеме;
 - 9) 3x4 өлшемдегі төрт фотосурет;
 - 10) Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
 - 11) Соттылығы жоқ туралы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінен анықтама.
- Көрсетілген құжаттардың біреуінің болмауы оларды қараудан бас тарту үшін

18. Үміткерлер біліміне, жұмыс тәжірибесі мен кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпарат (біліктілігін арттыру, ғылыми (академиялық) дәрежелер мен атақтар беру туралы, спорттық жетістіктерін дәлелдейтін құжаттардың, мінездемелердің, ұсынымдардың, ғылыми жарияланымдардың және тағы басқаларының көшірмелерін) ұсына алады.

19. Үміткерлер қолма қол тәртіпте құжаттарды қабылдаудың белгіленген мерзімдерінде қоса берілген құжаттар тізбесін көрсете отырып, құжаттар тігетін мұқабатыста орналастырылған құжаттар қарауға қабылданады.

20. Құжаттарды қарауды және зерделеуді, сондай-ақ үміткерлерді Заңда және Қағидаға қойылатын талаптарға сәйкестігіне ішкі істер органының кадр қызметі жүзеге асырады.

21. Кадр қызметтері құжаттарды қарағаннан және зерделегеннен кейін құжат қабылдау аяқталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде үміткерге Үкімет бекіткен Әскери-дәрігерлік сараптаманы өткізу қағидасына сәйкес олардың қызметке жарамдылығын анықтау үшін ішкі істер органдары әскери-дәрігерлік комиссиялардан медициналық куәландырудан өту үшін жолдама беріледі.

22. Медициналық және психофизиологиялық куәландыру, оның ішінде полиграфологиялық зерттеуді үміткерлер жолдама берілген күннен бастап күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімде өтеді.

23. Тиісті лауазымға заңмен белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда қарау нәтижелері туралы үміткерге бас тарту туралы дәлелді жауап жолданады.

24. Медициналық және психофизиологиялық куәландыру, оның ішінде полиграфологиялық зерттеуді өтпеген, сондай-ақ әскери-дәрігерлік комиссиямен қызметке жарамсыз деп танылған үміткер конкурстың келесі кезеңіне жіберілмейді.

25. Тестілеуге рұқсат етілген үміткерлер тізімі жалпыға бірдей шолу үшін қолжетімді жерлерде ішкі істер органының ақпараттық стендтерінде, сондай-ақ оның интернет-ресурсында әскери-дәрігерлік комиссиядан өту аяқталған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде орналастырылады.

26. Қатысушы конкурстың кез келген кезеңіне өту кезінде оның жеке басын куәландыратын құжат ұсынылады.

Конкурс кезеңдерінің бірін өтпеген қатысушы бұдан әрі конкурстың кейінгі кезеңіне жіберілмейді.

27. Конкурсстық комиссияның оң қорытындысын алған конкурсқа қатысушылардың құжаттары одан әрі зерделеу және ішкі істер органдарына қызметке ресімдеу үшін кадр аппаратының қызметкерлеріне беріледі.

28. Конкурсстық іріктеуден өтпеген конкурсқа қатысушының, сондай-ақ одан әрі тиісті бос лауазымдарға орналастыру үшін кадр резервіне енгізілгендердің

құжаттары конкурстық комиссияның хатшысында (кадр қызметінде) бір жыл бойы, конкурстық комиссия материалдары ПМ-нің қолданыстағы нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес белгіленген мерзімде сақталады. Белгіленген мерзімдер өткеннен кейін құжаттар жойылады, бұл туралы акті жасалады.

Конкурстық іріктеуден өтпеген конкурсқа қатысушы жазбаша түрде өтініш берген жағдайда үміткерге құжаттары қайтарылуы мүмкін.

6. Үміткерлерді заңнаманы білуге тестілеу

29. Тестілеу бағдарламасын және тестілеу нәтижелерінің шекті мәндері осы Қағидаға 5-қосымшаға сәйкес анықталады.

30. Тестілеу бағдарламасы және тестілеу нәтижелерінің шекті мәндері ішкі істер органының ресми Интернет-ресурсында жариялауға жатады.

31. Тестілеу медициналық және психофизиологиялық куәландыру, оның ішінде полиграфологиялық зерттеуді өту мерзімі аяқталғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде өткізіледі.

32. Тестілеу өткізу барысы бейнежазба техникалық құралдарының көмегімен жазылады.

33. Тестілеуден қайта өтуге жол берілмейді.

34. Тестілеудің нәтижелері конкурсқа қатысушыларға және конкурстық комиссияға тапсырылады.

35. Тестілеу нәтижелері тестілеу бағдарламасы өзгеріссіз қалған жағдайда, оны өткізген сәттен бастап бір жылға дейін жарамды.

7. Дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтерді тапсыру

36. Ішкі істер органдарына түсетін азаматтар үшін дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтер осы Қағидаға 6-қосымшаға сәйкес анықталады.

37. Дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтер ішкі істер органының ресми Интернет-ресурсында жариялануы тиіс.

38. Дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтерді тапсыру үміткерлерді тестілеу аяқталғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде өткізіледі.

39. Дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтерді тапсыру барысы бейнежазба техникалық құралдарының көмегімен жазылады.

40. Дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтерді тапсыру нәтижелері осы Қағидаға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ведомостке енгізіледі, қатысушылар қол қойып танысқаннан кейін конкурс комиссиясына тапсырылады.

41. Дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтерді қайта тапсыруға жол берілмейді.

8. Конкурс комиссиясы өткізетін үміткерлермен әңгімелесу

42. Әңгімелесуге тестілеу бойынша белгіленген шекті мәндерден төмен емес бағалар алған және дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтерді сәтті тапсырған қатысушылар жіберіледі.

43. Әңгімелесу дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтерді тапсырғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде өткізіледі.

44. Қатысушылардың кәсіби, моральдық, іскерлік және жеке қасиеттерін бағалау әңгімелесудің мақсаты болып табылады.

Конкурстық комиссия үміткерлердің кәсіби, моральдық, іскерлік және жеке сипаттамаларын бағалау кезінде медициналық және психофизиологиялық куәландыру, оның ішінде полиграфиологиялық зерттеуді, дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтерді тапсыру, заңнаманы білуге тестілеу нәтижелеріне және ішкі істер органының тиісті лауазымының біліктілік талаптарына және функционалдық міндеттеріне сүйенеді.

Комиссия төрағасының немесе мүшелерінің алдын ала шешімі конкурсқа осы Қағидаға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қатысушы туралы мәліметтердің 7 - т а р м а ғ ы н д а көрсетіледі.

45. Әрбір қатысушымен әңгімелесу барысы техникалық жазба құралдарының көмегімен жазылады.

Конкурстық комиссия отырысының хаттамасында конкурстық комиссияның техникалық жазба құралдарын қолданғаны туралы белгі жасалады. Жазба тасымалдағыштар конкурстық комиссия хатшысында сақталады.

9. Конкурстық комиссия шешімі

46. Конкурстық комиссия шешімі қатысушысыз ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Конкурстық комиссияның шешімі егер отырысқа оның үштен екіден кем емес құрамы қатысқан жағдайда заңды деп есептеледі.

Қатысушы егер ол үшін комиссия құрамынан қатысып отырғандардың көпшілігі дауыс берген жағдайда оң қорытынды алады. Дауыс беру кезінде дауыстар тең болған жағдайда конкурстық комиссия төрағасының дауысы ш е ш у ш і болып табылады.

47. Әңгімелесу қорытындылары бойынша Комиссия мынадай шешімдердің б і р і н қ а б ы л д а й д ы :

- 1) ішкі істер органына қызметке қабылдауға ұсыну;
- 2) одан әрі тиісті бос лауазымдарға орналастыру үшін үміткерлерді резервке е н г і з у г е ұ с ы н у ;
- 3) қызметке қабылдаудан бас тарту.

48. Үміткерлерді одан әрі тиісті бос лауазымдарға конкурстық комиссия резервке енгізуге ұсынған конкурсқа қатысушылардың тізімін, орналастыру үшін үміткерлерді бір бос лауазымға үш адамнан көп емес есеппен ішкі істер органының басшысы осы Қағидаға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бекітеді.

Үміткерлердің резервіне енгізілген конкурсқа қатысушылар конкурс өткен сәттен бастап бір жыл ішінде қосымша конкурс өтусіз тиісті лауазымға орналаса а л а д ы .

49. Конкурстық комиссия қабылдаған шешім конкурстық комиссия төрағасы мен мүшелері, сондай-ақ хаттама жасауды жүзеге асыратын хатшының қолдары қойылған хаттама түрінде ресімделеді. Талқылау барысы техникалық жазба құралдарының көмегімен ж а з ы л а д ы .

50. Конкурс комиссиясының оң қорытындысын алған және бұдан әрі тиісті бос лауазымдарға орналастыру үшін резервке енгізілген үміткерлердің тізімдері ішкі істер органының ақпараттық стендтерінде, сондай-ақ оның Интернет-ресурсына конкурс өткізілгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде о р н а л а с т ы р ы л а д ы .

51. Конкурстық комиссияның ішкі істер органдарына қызметке қабылдау туралы оң қорытынды алған қатысушы алғашқы оқыту өткенге дейін арнайы тексерістен және тағылымдамадан өтеді.

10. Тағылымдама өткізу

52. Ішкі істер органдарына қызметке түсу кезінде үміткерлер үшін тағылымдама (бұдан әрі – тағылымдама) тиісті лауазымдар бойынша тағылымдамашы болып тағайындалған адамдар үшін белгіленеді.

Ішкі істер органына қызметке түсуге үміткерді арнайы алғашқы оқудан өткенге дейін тиісті лауазымға тағылымдамашы ретінде тағайындау және оған тәжірибелі қызметкерлер қатарынан тағылымдама жетекшісін бекіту туралы ішкі істер органы басшысының шешімі бұйрықпен ресімделеді. Тағылымдамадан өту кезеңінде үміткермен еңбек келісімшарты жасалады, бұл кезеңде арнайы атақ б е р і л м е й д і .

Тағылымдамадан өту ұзақтығы үміткер тиісті лауазым бойынша тағылымдамашы болып тағайындалған күннен бастап бір айдан кем болмауы т и і с .

53. Тағылымдамадан біруақытта бір тағылымдама жетекшісінен екі тағылымдамашыдан артық емес тағылымдамашы өте алады.

54. Тағылымдамашы лауазым бойынша негізгі міндеттерді және тапсырмаларды орындаумен қатар қызмет орны бойынша тікелей бастығының және тағылымдама жетекшісінің басшылығымен тағылымдамадан өтеді.

55. Тағылымдама жеке сипатқа ие және:

- 1) дербес теориялық даярлықты;
- 2) кәсіби және ұйымдастырушылық дағдыларды игеруді;
- 3) қызметтік жұмысты ұйымдастыруды зерделеуді;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерін зерделеуді және оларды практикалық қызметте пайдалануды;
- 5) нормативтік құқықтық актілердің және ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысуды көздейді.

56. Тағылымдамадан өтуді ұйымдастыру үміткер лауазым бойынша тағылымдамашы ретінде қызметке тағайындалған ішкі істер органының қызметтері мен бөліністерінің басшыларына жүктеледі.

Ішкі істер органдары қызметтері мен және бөліністерінің басшылары:

- 1) тағылымдама уақытын (кезеңін), орнын, тағылымдамадан өтушілердің санын, тағылымдама жетекшілерін анықтайды;
- 2) осы Қағидаға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тағылымдаманың жеке жоспарын және осы Қағидаға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тағылымдама кезеңінде атқарылған жұмыстар туралы есепті бекітеді;
- 3) тағылымдама жетекшілерінің және тағылымдамадан өтетін үміткерлердің жұмысын бақылайды;
- 4) зерделенетін мәселелер бойынша тағылымдамашылармен әңгімелесулер өткізеді.

57. Тағылымдама жетекшісі:

- 1) тағылымдамашымен бірлесіп тағылымдама жеке жоспарын әзірлейді, оны тағылымдама ұйымдастыру жүктелген лауазымды адам бекітеді;
- 2) тағылымдамашыны функционалдық міндеттерімен, ішкі істер органы жұмысының ұйымдастырылумен таныстырады;
- 3) тағылымдама жоспарында көзделген мәселелерді зерделеуде қажетті әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді;
- 4) тағылымдама барысын және тағылымдама жеке жоспарының уақтылы орындалуын бақылайды.

58. Тағылымдамадан өту кезінде қызметке үміткер:

- 1) тағылымдама жетекшісімен бірлесіп, тағылымдаманың жеке жоспарын әзірлейді;
- 2) тағылымдама өтетін қызметтің және жалпы ішкі істер органдарының қызметін регламенттейтін нормативтік құқықтық және өзге де актілердің талаптарымен танысады;
- 3) тағылымдамадан өту орны бойынша өткізілетін кәсіби даярлық бойынша сабақтарға және басқа да іс-шараларға қатысады;
- 4) атқарылған жұмысты есепке алуды жүргізеді;

5) тағылымдама кезеңінде атқарылған жұмыс туралы есеп жасайды.

Тағылымдамадан өтуді куәландыратын құжаттар тағылымдамадан өтудің жеке жоспары және оның қорытындылары бойынша есептер болып табылады, олар тағылымдамадан өтушінің жеке ісіне тігіледі.

59. Үміткердің теориялық білімін және практикалық жұмыстарын бағалаудың қорытынды кезеңі оның тағылымдамадан өту кезеңіндегі тағылымдама жетекшісі қол қоятын мінездеме болып табылады. Мінездемеде тағылымдамашының алған білімі мен практикалық дағдыларының көлемі мен деңгейі, сондай-ақ үміткердің кәсіби даярлығының, іскерлік қасиеттерінің бағасы мен нақты шешімдерді өз еркімен қабылдау қабілеттері көрсетіледі.

60. Тағылымдамашы оған жүктелген міндеттерді орындамаған жағдайда тағылымдама жетекшісі оны одан әрі тағылымдамадан өтуден босата алады, ол туралы кадр қызметі ақпараттандырылады. Тағылымдамашы тағылымдама қорытындылары бойынша теріс мінездеме алған жағдайда ол арнайы алғашқы оқуға жіберілмейді.

61. Тағылымдамадан өту кезінде үміткерге табельді атыс қаруын және арнайы құралдарды алып жүруге және сақтауға рұқсат етілмейді. Тағылымдамашының өміріне қауіп-қатер туындауы не болмаса оның өзінің дербес іс-әрекеті заңдылықтың бұзылуына, азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен заңды мүдделеріне қысым көрсетілуіне әкеп соғуы мүмкін кәсіби әзір болмағандықтан оны жедел іс-шараларда пайдалануға жол берілмейді.

62. Ішкі істер органдарына қызметке үміткерлерге тағылымдамадан өту кезеңінде еңбек келісімшартына сәйкес штаттық кестеде атқарып отырған лауазымы бойынша көзделген лауазымдық жалақы төленеді, сондай-ақ арнаулы атақтары жоқ тиісті қызметкерлер санаты үшін белгіленген басқа да төлемдер жүргізіледі.

63. Тағылымдамашымен еңбек қатынастары тағылымдама аяқталғанға дейін еңбек туралы заңнамада көзделген тәртіпте және негіздер бойынша тоқтатылуы мүмкін.

64. Тағылымдама аяқталғаннан кейін тағылымдамашы тағылымдамадан өткен ішкі істер органы құрылымдық бөлінісінің бастығы қорытынды жасайды, оны ішкі істер органының басшысы (тағайындау және босату құқығы бар) бекітеді және тағылымдамашыны арнайы алғашқы оқуға жіберу туралы бұйрық шығаруға негіз болып табылады.

65. Лауазымға тағылымдамашы болып тағайындалған үміткерлер және олардың жеке істері тиісті лауазымдар бойынша тағылымдамадан өту нәтижелері бойынша ішкі істер органдары оқу орындарының арнайы алғашқы оқуына жіберіледі.

66. Тағылымдамашыны жіберген ішкі істер органы арнайы алғашқы оқу

аяқталғаннан кейін оны үш айға дейінгі сынақ мерзімімен лауазымға тағайындайды.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер
органдарына қызметке орналасу кезінде
конкурс және тағылымдама өткізу қағидасына
1-қосымша
н ы с а н

(ішкі істер органының бастығы

атағы, тегі, аты, (әкесінің аты болған жағдайда))

Өтініш

Мені _____

бос лауазымына орналасу үшін конкурсқа қатысуға жіберуіңізді сұраймын.

Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарында бос лауазымға орналасу конкурсын өткізу шарттарымен және тәртібімен таныстым, келісемін және оларды орындауға міндеттенемін.

Мені ұсынылған құжаттардың түпнұсқалығы үшін жауапкершілік туралы ескертті.

(тегі, аты, (әкесінің аты болған жағдайда), қолы)

20____жылғы «____»_____

Қазақстан Республикасы Ішкі істер
органдарына қызметке орналасу кезінде
конкурс және тағылымдама өткізу қағидасына
2-қосымша
нысан

САУАЛНАМА

(өз қолымен толтырылады)

1. Тегі (егер өзгертсеңіз, бұрынғыны көрсетіңіз) _____

Аты _____

Әкесінің аты (болған жағдайда) _____

2. Азаматтығы _____

Егер өзгертсеңіз, онда қашан екенін көрсетіңіз _____

3. Сіз сотталдыңыз ба, қашан және не үшін _____

4. Шет елдегі оқуы немесе жұмысы _____

Болған елі _____

Болған уақыты _____

Жұмыс істеген немесе оқу орны _____

5. Сот шешімімен Сіз қабілетсіз немесе қабілеті шектеулі деп танылдығыз ба, қашан, не үшін _____

6. Сіз белгіленген мерзім ішінде мемлекеттік лауазымды атқару құқығынан айырылдығыз ба, қашан, не үшін _____

7. Сіз атқаратын лауазымындағы құқық қорғау органдары қызметкерінің жақын туысы (ата-анасы, баласы, қызы, балалыққа алушы, толық немесе толық емес ағасы және апасы, атасы, әжесі, немересі, күйеуі немесе әйелі)

б о л а с ы з

б а :

1) Сіз үміттенген лауазымға тікелей бағынышты болуына; _____

2) Сіз үміттенген лауазымдағы тікелей бағынышты болуына _____

8. ПО қызметке тұрмастан бұрын үш жыл ішінде сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылдығыз ба, қашан, не үшін _____

9. ПО-ға қызметке тұрмастан бұрын орналасу алдында үш жыл ішінде қасақана құқық бұзғаны үшін сот тәртібімен әкімшілік шара қолданылды ма, қашан не үшін _____

10. Ішкі істер органдарына қызметке тұрмастан бұрын үш жыл ішінде сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін соттың тәртібімен әкімшілік шара қолданылды ма, қашан, не үшін _____

11. Сіз бұрын мемлекеттік қызметте тұрдығыз ба _____, егер тұрсаңыз жұмыстан шығу себебін көрсетіңіз _____

20 _____ жылғы « ____ » _____

(қолы)

Қазақстан Республикасы Ішкі істер
органдарына қызметке орналасу кезінде
конкурс және тағылымдама өткізу қағидасына

3-қосымша

нысан

Фотосуретке
арналған
орын

Место для
фотокарточки

**Кадр есебі жөніндегі
ЖЕКЕ ІС ПАРАҒЫ
ЛИЧНЫЙ ЛИСТОК
по учету кадров**

1. Тегі _____
Ф а м и л и я
аты _____
и м я
әкесінің аты (болған жағдайда) _____
отчество (при наличии)
2. Жынысы _____ 3. Туған жылы, айы, күні _____
Пол Год, число и месяц рождения
4. Туған жері _____
Место рождения (ауыл, деревня, қала, аудан, облыс, республика)
(село, деревня, город, район, область, республика)
5. Ұлты _____ 6. Азаматтығы _____
Национальность Гражданство
7. Білімі _____
Образование

Оқу орнының атауы және оның тұрған жері Название учебного заведения и его местонахождение	Факультеті немесе бөлімшесі Факультет или отделение	Түскенжылы Год поступления	Бітірген немесе шыққан жылы Год окончания или ухода	Бітірмесе, қай курстан кетті Если не оконч. то с какого курса ушел	Оқу орнын бітірген с қандай білікті алды, дипломның нөмір куәліктің нөмір көрсету керек Какою квалификаци получил в результате окончания учебного заведения, указав № диплома и удостоверения

8. Ана тіліңіз, басқа қандай тілдерді және қай дәрежеде білесіз _____
Родной язык, какими другими языками владеете и в какой степени

(оқи аласыз ба әлде сөздікпен аудары аласыз ба, оқи аласыз ба әлде түсіне аласыз ба, еркін сөйлейсіз бе читаете и переводите со

Қай уақыттан бастап С какого времени	Қай уақытқа дейін По какое время	Қай елде В какой стране	Шетелде болу мақсаты Цель пребывания за границей

15. Сайланбалы органдарға сайлады немесе сайланды (қайда, қандай органдарға және қашан)
В какие выборные органы избирался или избрали (где, в какие и когда)

16. Әскери міндетке қатысы _____
Отношение к воинской обязанности (әскери міндетті, әскери міндетті емес
Военнообязанный, невоеннообязанный)

(әскери-есепке алу мамандығы, әскери атағы, әскери билетінің нөмірі және жеке нөмірі)
военно-учетная специальность, воинское звание, номер военного билета и личный номер)

17. Қандай мемлекеттік наградаларыңыз бар _____
Какие имеете государственные награды (қашан, кім немен наградтады коғда, кем и кем награждены)

18. Паспорты _____
Паспорт (сериясы, нөмірі, кім және қашан берген, тіркелген мекенжайы / серия, номер, кем и коғда выдан, адрес прописки)

19. Тұрғылықты мекенжайы _____
Место жительства
20 _____ жылғы « _____ » _____
Өзінің қолы _____
(толтырылған күні дата заполнения) Личная подпись

(Жеке іс парағын толтырушы қызметкер одан кейінгі барлық өзгерістер туралы: (білімі, ғылыми дәреже, ғылыми атақ алуы т.с.с. жұмыс орнына бұл өзгерістерді оның жеке ісіне енгізу үшін хабарлауға міндетті). (Работник, заполняющий личный листок, обязан о всех последующих изменениях (образовании, присвоении ученой степени, ученого звания и т.п. сообщить по месту работы для внесения этих изменений в его личное дело).

- отношение к воинской обязанности, когда и каким управлением (отделом) по делам обороны призван на действительную военную службу (если не призвался, указать причину), в каких воинских частях (указать номера) и в качестве кого проходил службу, когда и с какой должности уволен в запас Вооруженных Сил, воинское звание;

- отбасы жағдайы, қашан некеге тұрды, әйелінің (ерінің) тегі, аты, әкесінің аты, туған күні мен жері, ұлты, жұмыс орны мен лауазымы, тұрғылықты жері (сондай-ақ үміткер мен оның әйелінің (ерінің) жақын туысқандары; әкесі, шешесі, аға-інілері, апа-қарындастары (сіңлілері) мен балалары, сондай-ақ бұрынғы әйелдері (ерлері) және олардың жақын туысқандары, ажырасу себептері көрсетіле отырып, некені бұзу туралы куәліктерінің нөмірлері, оларды қандай орган қашан бергені туралы мәліметтер; егер үміткер, оның әйелі (ері) немесе жақын туысқандары тегін, атын, әкесінің атын өзгерткен болса, олардың бұрынғы айқындамалық деректері көрсетіледі, туысқандарынан кім құқық қорғау органдарында немесе ішкі әскерлерде қызмет етеді (туысқандық дәрежесі, тегі, аты, әкесінің аты, қайда, лауазымы, арнайы немесе әскери атағы);

- семейное положение, когда вступил в брак, фамилия, имя, отчество, дата и место рождения, национальность; место работы и должность, место жительства жены (мужа); такие же сведения на близких родственников кандидата и его жены (мужа); отца, мать, братьев, сестер и детей, а также на бывших жен (мужей) и их близких родственников с указанием причин развода, номера свидетельств о расторжении брака, когда и каким органом оно выдано; если кандидат, его жена (муж) или их близкие родственники изменяли фамилию, имя, отчество, то указывается и их прежние установочные данные; служит ли то из родственников в органах внутренних дел или во внутренних войсках (степень родства, фамилия, имя, отчество, где должность, специальное или воинское звание);

- үміткер, оның әйелі (ері) немесе жақын туысқандарынан біреу шетел азаматтығында тұрды ма (кім, туысқандық дәрежесі), олардың ішінде кім шетелде болды (қашан, қайда, қандай мақсатпен) немесе тұрақты тұруға шетелге шығу үшін

өтініш білдірді (қашан, қандай себеппен), шетелдерде тұратын қазақстандық азаматтардың ішінде туыскандары бар ма (тегі, аты, әкесінің аты, туыскандық дәрежесі, немен айналысады, қайда тұрады), олармен байланыс немен көрінеді;
- состоял ли кандидат, его жена (муж) или кто-нибудь из их родственников в иностранном гражданстве (кто, степень родства), кто из них был за границей (когда, где, с какой целью) или ходатайствовал о выезде за границу на постоянное место жительства (когда, по какой причине), имеются ли родственники, проживающие за границей (фамилия, имя, отчество, степень родства, род занятий, где проживают), в чем выражается связь с ними;
- үміткер, оның әйелі (ері) немесе олардың жақын туыскандарынан біреу қылмыстық не әкімшілік жауапкершілікке артылған ба (қашан, не үшін, жазалау шарасы);
- привлекался ли кандидат, его жена (муж) или кто-либо из их близких родственников к уголовной или административной ответственности (когда, за что, мера наказания);
- соңғы жұмыс орны мен лауазымы, тұрғылықты мекенжайы, егер бір жерден екінші жерге көшуге тура келсе, бұрынғы мекенжайларын көрсетеді.
- место последней работы и должность, место жительства, если приходилось переезжать с одного места жительства на другое, то указываются прежние места жительства.

20__ жылғы «__» _____ Өзінің қолы _____
(толтырылған күні дата заполнения) Личная подпись

Қазақстан Республикасы Ішкі істер
органдарына қызметке орналасу кезінде
конкурс және тағылымдама өткізу қағидасына
5-қосымша

Ішкі істер органдарына қызметке орналасатын үміткерлер үшін тестілеу бағдарламасы мен тестілеу нәтижелерінің шекті мәндері

1. Қазақстан Республикасының заңнамаларын білуге тестілеу:
Қазақстан Республикасының Конституциясы – 10 сұрақты;
«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының
З а ң ы – 1 0 с ұ р а қ т ы ;
«Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы – 20
с ұ р а қ т ы ;
«Ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы – 10 сұрақ;
Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары қызметкерлерінің ар-намыс
кодексі – 10 сұрақты қамтиды.

2 . Ш е к т і м ә н д е р :

1) ішкі істер органдарына қызметке қатардағы және кіші басшы құрам
лауазымдарына орналасатын азаматтар үшін – тапсырмалардың әрбір блогы
б о й ы н ш а 5 0 % к е м е м е с ;

2) ішкі істер органдарына қызметке орта және аға басшы құрам
лауазымдарына орналасатын азаматтар үшін – тапсырмалардың әрбір блогы
бойынша 60%-дан кем емес.

3. Егер тестілеуден өтуші тапсырмалар блогының біреуі бойынша белгіленген
шекті мәннен төмен балл жинаған жағдайда тестілеудің жалпы нәтижесі өтпеген
д е п т а н ы л а д ы .

Тестілеудің жалпы уақыты – 60 минут.

4. Үміткердің интеллект және логикалық ойлау деңгейі әскери-дәрігерлік
комиссияда психофизиологиялық зерттеуден өту кезінде анықталады.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер
органдарына қызметке орналасу кезінде
конкурс және тағылымдама өткізу қағидасына
б-қосымша

Ішкі істер органдарына қызметке орналасатын азаматтар үшін дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтер

1. Ішкі істер органдарына қызметке үміткерлер үшін:

Е р к е к т е р :

- 1) аспаға тартылу;
- 2) 100 метрге жүгіру;

3) 3000 метрге жүгіру.

Әйелдер :

- 1) кешенді күштік жаттығулары;
- 2) 60/100 метрге жүгіру;
- 3) 1000 метрге жүгіру.

Медициналық-жас топтары

№	Медициналық-жас тобы	Жасы, жынысы	
		Еркектер	Әйелдер
1	I-топ	23 жасқа дейін	23 жасқа дейін
2	II-топ	23 – 29 жас	23 – 29 жас
3	III-топ	30 – 34 жас	30 – 34 жас
4	IV-топ	35 – 39 жас	35 – 39 жас

Дене шынықтыру көрсеткіштері бойынша нормативтер

ЕРКЕКТЕР

№	Жаттығудың аты	Бағалау	Медициналық-жас топтары			
			I	II	III	IV
			23-ке дейін	23-29	30-34	35-39
1.	Аспаға тартылу (саны)	өте жақсы	1 5	1 4	1 2	1 0
		жақсы	1 3	1 2	1 0	8
		қанағат.	11	10	8	6
2.	100 метрге жүгіру (сек.)	өте жақсы	13,0	13,5	14,0	15,0
		жақсы	13,5	14,0	14,5	15,5
		қанағат.	14,0	14,5	15,0	16,0
3.	3000 метрге жүгіру (мин. сек.)	өте жақсы	12,30	12,50	13,30	14,00
		жақсы	12,50	13,20	14,00	14,30
		қанағат.	13,10	13,50	14,30	15,00

ӘЙЕЛДЕР

№	Жаттығудың аты	Бағалау	Медициналық-жас топтары			
			I	II	III	IV
			23-ке дейін	23-29	30-34	35-39
1.	Кешенді күштік жаттығулары (қайталамалардың саны)	өте жақсы	3 6	3 2	2 8	2 4
		жақсы	3 2	2 8	2 4	2 0
		қанағат.	28	24	20	16
2.	60 метрге жүгіру (сек.)	өте жақсы	-	-	-	12,2
		жақсы	-	-	-	12,6
		қанағат.	-	-	-	13,2
3.	100 метрге жүгіру (сек.)	өте жақсы	16,0	16,5	17,0	-
		жақсы	16,5	17,0	17,5	-
		қанағат.	17,0	17,5	18,0	-

4.	1000 метрге жүгіру (мин. сек.)	өте жақсы	4,50	5,10	5,30	6,00
		жақсы	5,10	5,30	5,50	6,20
		қанағат.	5,30	5,50	6,10	6,40

Кешенді күштік жаттығулар (әйелдер) 1 минут ішінде орындалады, алғашқы 30 секунд арқаға жату жағдайында, саусақтар иықтарда, кеудесін тізелеріне түйістіргенге дейін барынша алға еңкею, аяқтар бекітілген (аяқтарды сәл бүгуге жол беріледі), алғашқы жағдайға келу барысында жауырындарымен тіреуге түйістіру қажет, одан кейін ет бетімен жатып (қолдары 50 см биік емес орындыққа тірейді), демалысқа үзіліссіз келесі 30 секундта ет бетімен жатқан жағдайда барынша қолдарын бүгуді және жазуды орындайды (дене түзу, кеудесі тіреуге түйіскенге дейін қолдарын бүгу қажет).

Ескертпе: жаттығуды дұрыс орындамаған жағдайда үштен артық емес « есептелмесін» деген команда беріледі, одан кейін тестілеуден өтуші жаттығуды орындаудан босатылады.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер
органдарына қызметке орналасу кезінде
конкурс және тағылымдама өткізу қағидасына
7-қосымша
нысан

Ішкі істер органдарына қызметке түсетін үміткерлерді дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтер тапсыру ведомосы

_____ қаласы 20__ жылғы « ____ » _____

р/с №	Конкурсқа қатысушының тегі, аты (әкесінің болған жағдайда)	Жасы	Нәтижелері						Таныстырылды
			60/100 метр	Бағасы	Аспаға тартылу/ Кешенді күштік жаттығулары	Бағасы	1000/3000 метр	Бағасы	

Комиссия мүшелері: _____

Қазақстан Республикасы Ішкі істер
органдарына қызметке орналасу кезінде
конкурс және тағылымдама өткізу қағидасына
8-қосымша

нысан

Конкурс қатысушысы туралы мәлімет

1. Тегі, аты (әкесінің аты болған жағдайда) _____
2. Туған күні, айы, жылы _____
3. Білімі _____
(қашан және не бітірген, мамандығы, біліктілігі)

-
4. Үміткер туралы қосымша ақпарат _____
(ғылыми немесе спорттық жетістіктері, еңбектері)

-
5. Тест тапсыру нәтижелері _____
(өтт і / өткен жоқ)

- 1) Конституция _____
(дұрыс жауаптардың саны және пайызы)
- 2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң _____
(дұрыс жауаптардың саны және пайызы)
- 3) Құқық қорғау туралы заң _____
(дұрыс жауаптардың саны және пайызы)
- 4) Ішкі істер органдары туралы заң _____
(дұрыс жауаптардың саны және пайызы)
- 5) Ішкі істер органдары қызметкерлерінің ар-намыс кодексі

(дұрыс жауаптардың саны және пайызы)

6. Дене шынықтыру даярлығы бойынша сынақ тапсыру нәтижелері

(жалпы бағасы)

- 1) 60/100 метрге жүгіру _____
(нәтижесі, бағасы)
- 2) 1000/3000 метрге жүгіру _____
(нәтижесі, бағасы)

- 3) Аспаға тартылу/кешенді күш жаттығулары _____
(нәтижесі, бағасы)

7. Конкурстық комиссия төрағасының/мүшесінің алдын ала шешімі:	Қолы
1) ішкі істер органдарына қызметке қабылдауға ұсыну	
2) одан әрі тиісті бос лауазымдарға орналасу үшін үміткерлер резервіне енгізуге ұсыну	
3) қызметке қабылдаудан бас тарту	

(ішкі істер органының атауы)

Конкурстық комиссияның төрағасы/мүшесі _____

(тегі, аты (әкесінің аты болған жағдайда), қолы)

Қазақстан Республикасы Ішкі істер
органдарына қызметке орналасу кезінде
конкурс және тағылымдама өткізу қағидасына
9-қосымша

нысан

« Б Е К І Т Е М І Н »

(ішкі істер органының басшысы

атағы, тегі аты, әкесінің аты болған жағдайда), қолы)

20 жылғы «___» _____

Одан әрі тиісті бос лауазымдарға орналасу үшін үміткерлер резервіне қабылданған конкурсқа қатысушылар тізімі

р/ с №	Конкурсқа қатысушының тегі, аты (әкесінің аты болған жағдайда)	Орналасу үшін конкурстан өткен қатысушы лауазым	Әскери-дәрігерлік комиссияның, психофизиологиялық және полиграфологиялық зерттеулердің нәтижелері	Дене шынықтыру бойынша сынақтардың нәтижелері			Тестілеу нәтижелері	Әңгімелесу өткізілген күн	Конкурс қатысу үй мекенжай байланыс телефон
				60/100 метрге жүгіру	1000/3000 метрге жүгіру	Аспаға тартылу/кешенді күш жаттығулары			

(ішкі істер органының атауы)

Конкурстық комиссияның хатшысы _____

20 жылғы «___» _____ (тегі, аты (әкесінің аты болған жағдайда), қолы)

Қазақстан Республикасы Ішкі істер
органдарына қызметке орналасу кезінде
конкурс және тағылымдама өткізу қағидасына
10-қосымша

нысан

« Б Е К І Т Е М І Н »

(ішкі істер органының бастығы, атағы,

тегі, аты (әкесінің аты болған жағдайда), қолы)
20__ жылғы «__» _____
Жеке істе сақталсын

Тағылымдаманың жеке жоспары

(атағы, тегі, аты, (әкесінің аты болған жағдайда), тағылымдамадан өту

кезіндегі тағылымдамашының лауазымы, ішкі істер органының бөлінісінің,
м е к е м е с і н і ң _____ а т а у ы)

Туған күні: _____

Білімі: _____

_____ лауазымы бойынша тағылымдамадан өтті.

Тағылымдама мерзімі: 20__ жылдың _____ бастап _____

д е й і н

Тағылымдама себебі: _____

Тағылымдама жетекшісі: _____

№	Зерделейтін мәселелердің атауы	Өткізілген күні, уақыты	Орындалуы туралы белгі	Ескертулер
1	2	3	4	5

1. Тағылымдама барысында сынақтар қабылданды

1. Функционалдық міндеттерін білуі _____ бағасы
2. Нормативтік құжаттарды білуі _____ бағасы
3. Регламенттейтін құжаттарды білуі _____ бағасы
4. Атыс қаруы мен арнайы құралдарды қолдану негіздері мен тәртібін білуі _____ бағасы

2. Тағылымдамашының даярлық деңгейі

3. Тағылымдама нәтижелері бойынша қорытынды

Тағылымдама

жетекшісі:

(лауазымы,

атағы) (қолы) (тегі, аты (әкесінің аты болған жағдайда))

Ескертпе: 2-тармақта тағылымдамадан өтушінің алған білімі және практикалық дағдыларының көлемі мен деңгейі, сондай-ақ кәсіби даярлығының, іскерлік қасиеті мен тағылымдамашының өз бетімен нақты шешімдер қабылдау қабілетінің бағасы көрсетілуі тиіс.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер
органдарына қызметке орналасу кезінде
конкурс және тағылымдама өткізу қағидасына

11-қосымша

нысан

« Б Е К І Т Е М І Н »

(ішкі істер органының бастығы, атағы,

тегі, аты (әкесінің аты болған жағдайда), қолы)

20__ жылғы «__» _____

Тағылымдама кезеңінде атқарылған жұмыс туралы

ЕСЕП

1. Не өткізілді, қандай нәтижелер алынды:
2. Тағылымдама қандай оң нәтиже берді, қандай әдістемелік және тәжірибелік сипаттағы қиыншылықтар кездесті.
3. Тағылымдаманың дайындығы мен ұйымдастырылуын жақсарту бойынша ұ с ы н ы с т а р .
4. Қандай мәселелер шешілмей қалды:

(а т а п ш ы ғ у)

5. Орындалмау себептері _____
(қандай екенін көрсету)

6. Тағылымдама бойынша жалпы қорытынды: _____

Т а ғ ы л ы м д а м а ш ы :

(тегі, аты, (әкесінің аты болған жағдайда)

Т а ғ ы л ы м д а м а ж е т е к ш і с і :

(л а у а з ы м ы ,

атағы) қолы) (тегі, аты, (әкесінің аты болған жағдайда)